| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп | | тәрбиелеу. | | тәсілмен, екінші, сонан соң үшінші, төртінші тастарды бір-бірлеп іліп алып отырады.<br><br>Бұл ойынның бірнеше тәсілі бар.<br><br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойын жалғаса береді.<br><br>**(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру.<br><br>**(математика негіздері)** | **Саусақ жаттығуы.**<br><br>Дөңгеленіп тұрайық, (шеңбер құрайды)<br><br>Керегені құрайық. (қолдарын жандарына созып бір-бірінің арқаларына қояды)<br><br>Уықтар боп иіліп, (қолдарын жоғары созып, сәл иіледі)<br><br>Киіз үйді құрайық (қолдарына жанына созып, шеңбер бойымен айналады)<br><br>**(сөйлеуді дамыту)** | **Жаңылтпаштар жаттау.**<br><br>Арқада алты арқар бар,<br><br>Қырқада қырық арқар бар.<br><br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br><br>Алты арқарда марқа арқар бар.<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **"Наурыз" өленің жаттау.**<br><br>Қарды ерітіп жылғасы,<br><br>Наурыз келді – жыл басы.<br><br>Шуақ төкті жарық күн,<br><br>Мейрамында халықтың.<br><br>Бата беріп атамыз,<br><br>Бата беріп апамыз,<br><br>Тәтті болып жасалған,<br><br>Наурыз дәмін татамыз.<br><br>Б.Жақып<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Артикуляциялық жаттығу "Дәмді тосап".**<br><br>Мақсат-міндеттер: тілдің жалпақ ұшын жоғары көтеріп, тілді кесе (ожау) тәрізді қалыпта ұстауын үйрету.<br><br>Қысқаша сипаттамасы.<br><br>Жалпақ тілмен жоғарғы ерінді жалап, ауыз қуысына кіргізу.<br><br>Әдістемелік нұсқау.<br><br>1. Жаттығуды орындаған кезде тек тіл жұмыс істеуін, иектің қимылдамауын қадағалау керек.<br><br>2. Тіл жалпақ болып бүйірлері ауыз бұрыштарына тиіп тұруы керек.<br><br>3. Тіл оңға және солға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | емес, тек төмен және жоғары қозғалу керек.<br><br>4. Егер бала жаттығуды жасай алмай жатса, «пя-пя-пя» жаттығуына оралу қажет. Бала тілін жалпақ қалпына келтірген соң шпательмен тілді жоғары еріннің үстіне қайыру керек.<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыт және көркем әдебиет)*** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме**<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. ***(Сөйлеуді дамыт және*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***(Сөйлеуді дамыт және көркем әдебиет)*** | ***(Сөйлеуді дамыт және көркем әдебиет)*** | ***(Сөйлеуді дамыт және көркем әдебиет)*** | | ***көркем әдебиет)*** |
| **Серуен** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:** «Ұшақтар»<br>**Шарты:** Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызу. Тәрбиеші өзі ұшақ болып ұшып көрсетеді. Тәрбиеші: «Ұшақтар ұшады!» – деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қонады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады.<br>***(ойын қызметі)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:** «Доп кімде?»<br>**Шарты:** Бір бала жүргізуші болады. Бір бевала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады ( қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек ). Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді. Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін ( көзінің т.б.) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса- | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:** «Ит пен қоян»<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.<br>**Шарты:** Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.<br>***(ойын қызметі)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:** «Күн мен жаңбыр»<br>**Шарты:** Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады.<br>***(ойын қызметі)*** | **Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау** (Қоршаған ортамен таныстыру)<br><br>**Аз қимылды ойын:** «Қу түлкі »<br>**Шарты:** Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап ). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек.<br>***(ойын қызметі)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. ***(ойын қызметі)*** | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** | | | | |
| | **Ата-аналарға арналған кеңес:**Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналарға арналған кеңес:**«Спортпен шұғылданудың маңызы» кеңес спорт нұсқаушы. | **Ата-аналарға арналған кеңес:**Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру. | **Ата-аналарға арналған кеңес:**«Тез тамақтанудың зияны» | **Ата-аналарға арналған кеңес:** «Балаңызбен демалысты қалай өткізесіз?» сұрақ-жауап. |

**Тексерген әдіскер:**
**Тәрбиеші:**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограмма**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС Гүлбану апа б/б
**Топ**: Ересек «Балауса»тобы
**Балалардың жасы**: 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**:01.04-05.04.2024жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 01.04.2024 | Сейсенбі 02.04.2024 | Сәрсенбі 03.04.2024 | Бейсенбі 04.04.2024 | Дүйсенбі 05.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| | **Балаларды таңертеңгілік қабылдау, тексеру, ойындар**<br>**Мақсаты:** Балалардың топ өміріне біртіндеп енуі; эмоционалды жағымды көңіл-күй қалыптастыру; тәрбиешінің әр баламен жеке байланысын нығайту. Балаларды қабылдау таза ауада немесе үй-жайда жүргізіледі. Тәрбиеші балалардың көңіл-күйіне, денсаулық жағдайына және сыртқы түріне назар аударады. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелейді: балалардың амандасуды, тыныш дауыспен сөйлесуді ұмытпауын еске салады. Балалардың әртүрлі және қызықты іс-әрекеттеріне жағдай жасайды: оларға білім беру ойындарын, ойыншықтарды, шығармашылыққа арналған материалдарды, қозғалыс және спорттық ойындарға арналған құралдарды ұсынады, әңгімелер өткізеді, бақылаулар ұйымдастырады, тапсырмалар береді, кезекшілердің жұмысын ұйымдастырады және т.б.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **"Пішіні бойынша таңда" (топпен жұмыс)** Мақсаты: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. **(математика негіздері)** | **"Артығын тап" дидактикалық ойыны** Мақсаты: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту, тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Көктем" тақырыбындағы сюжеттік суреттерді қарау.** Мақсаты: суреттер бойынша сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру; балалардың сөздік қорларын, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Кейбір дауыссыз (п-б) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Құралдары: қыс мезгіліне байланысты бейнеленген суреттер. **(сөйлеуді дамыту)** | **"Кім шақырғанын тап" сөздік ойыны.** Мақсаты: есту анализаторын жаттықтыру, зейін және есту қабілеттерін дамыту, балаларды өз құрбы-құрдастарымен бірігіп ойнауға, достық қатынас орнатуға тәрбиелеу. Ойын ережесі: балаларға қарамай кім шақырғанын тек дауыс бойынша табу, оның атын дұрыс атау. Дауысын өзгертпей, атын қатты айту. Ойын әрекеті: кім шақырғанын іздеу. **(қазақ тілі)** | **"Үйшікте кім тұрады?" сөздік ойыны** Мақсаты: балалардың жануарлар туралы білімін, дыбыстарды дұрыс айту іскерлігін бекіту. Ойын ережесі. "Үйшікте кім тұрады?" деген сұраққа кім үйшікте тұрса, сол балалар ғана жауап береді (балалар жануарлардың дыбысын салады). Ойын әрекеттері: дыбыспен еліктеу; әртүрлі жануарлар мен құстардың қозғалысын көрсету. **(қазақ тілі)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ**<br>Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.<br>**Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар сылдырмақтарын жоғары көтеріп, екі қолымен сылдырлатады.<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын оң жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2.2. Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3. Қолдарын сол жаққа жіберіп, сылдырмақтарды сылдырлатады.<br>2.4. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, сылдырмақ ұстаған қолдары екі жанында.<br>3.1. аяқтарын жинап, сылдырмақ ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, сылдырлатады.<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Сылдырмақтарын артында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады) **(дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналықшаралар:**<br>Таңғыасалдындақолдарынжуу, қолдысүртужәнеорамалдыорнынаілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Ахмет Диас пен Ермек Аружанға ас ішу құралдарын, майлықтарды | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**1. Біз қалай жуу керектігін білеміз.**<br>Біз қалай жуу керектігін білеміз.<br>Менің бетім мен мойным!<br>Менің қолдарым, мұрным!<br>Біз бетімізді, аузымызды жуамыз.<br>Біз үлкендер сияқты жудық.<br>Міне, біз қандай тазамыз!<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**1. Су, су, менің бетімді жу,**<br>Көздер жарқырап,<br>иектер қызарғанша,<br>Аузымыз күлгенше,<br>тісіміз тістегенше.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Қолды сабынмен жуамыз.<br>Қолды сабынмен жуамыз.<br>Жылы сумен жуыңыз.<br>Жуу, жуу,жуу, жуу –<br>жуу-жуу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Ахмет Диас пен Ермек Аружанға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз: Сүлгі**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **"Не қалай дыбыстайды?» ойын жаттығуы**<br>[о], [ө] дыбыстары".<br>Мақсаты: | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**<br>"Марғаулар жіппен ойнайды".<br>Мақсат-міндеттер. | **Сурет салудан ойын-жаттығу**<br>"Өсімдіктер".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды өзара ұжымдасып | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Тауықтар" биі.<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Жүргіншілер жолы".<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жүргіншілер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балаларды үй жануарларының дыбыстау ерекшеліктерімен, дауысты [о], [ө] дыбыстарының артикуляциясымен таныстыру; үй жануарларының қыстағы тіршілігі жөнінде білімдерін пысықтау. **(қазақ тілі)**<br><br>**Драматизация.** "Қызыл телпек" ертегісін ағаш ойыншықтар театрын қолдану арқылы сахналау. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз | Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге үйрету; заттар жұптарын тұстастыру және беттестіру тәсілдерін қолдану іскерлігін қалыптастыру; заттарды оң (сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай, бір-біреуден салу тәртібіне дағдыландыру; зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау және ойлау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу**<br>"Кішкентай марғау". Мақсат-міндеттер. Марғау туралы ұғым бере отырып, балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту. | шығармашылықта сурет салу тәртібіне үйрету; алдын-ала боршамен салынған өсімдік өскен ыдыс бейнесінен шығып, созылып жатқан үй өсімдіктерінің бұталары бойына жапырақтарды саусақтармен жақпалап, салуға үйрету.<br><br>**"Кім не жейді?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: | және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту.<br><br>**"Суретті құрастыр" үстел-үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды тұтас затты жеке бөліктерден құрастыруға жаттықтыру; ерік-жігерін, мақсатқа талпынуын тәрбиелеу. Барысы: қорапта әр түрлі заттар бейнеленген тұтас суреттер болады: | жолының маңызымен таныстыра отырып, ақпаратты мұқият тыңдауға үйрету.<br><br>**"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын.** Мақсат-міндеттер: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады. Олар маймылдар болып ойнайды. Олардың алдындағы бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдарды орындайды. "Маймылдар", баланың іс-әрекеттерін қайталайды. **(қоршаған ортамен танысу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. **(көркем әдебиет)**<br><br>**Ұлттық ойын "Қазан"** Асықтарды көлденең нысанаға 3 метр қашықтықтан лақтырады. Сөреден 3 метр жерде үлкен қазан тұрады (шеңбер). Белгі бойынша әр топтың ойыншылары асықтарды қазанға лақтырады. Қазанның ішіне көбірек асық түсірген топ жеңеді. | Мысық пен марғау туралы көркем сөздерді пайдалана отырып, сөздік қорын молайту.<br><br>**"Қай жерде шырылдады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: дыбыстың қай жерден шыққанын анықтау. Алдын-ала дайындық жұмысы: қоңыраушаны дайындайды. Барысы: балалардың ішінен жүргізушіні тағайындайды. Балалар шеңбер бойымен отырады, жүргізуші ортаға шығып көзін жұмады. Педагог бір балаға қоңыраушаны береді, бала көзін ашпай қай жақтан шыққанын қолымен нұсқайды. Егер бала дұрыс таппаса, онда екінші рет ойнап отырады. Сосын келесі бала шығады. | тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу. **(қоршаған ортамен танысу)** | жануарлар, өсімдіктер. Екінші қорапта дәл осы суреттер төрт бөлікке бөлініп салынған. Педагог балаларды суреттермен таныстырады. Олар суретте не бейнеленгенін атап айтады. **(қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **(музыка)** | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі түсті доптар»<br>**Мақсаты**: Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.<br>**Ойын:** «Фигура жаса» | **Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**«Қазақ тілі»**<br>Наурыз мерекесіне қатысты сөздердің атауларын айтуды үйрету.<br>**Сөздік минимум:**<br>Наурыз, көже, ұлттық<br>Түрлі-түсті суреттер<br>**"Көрпені безендірейік" дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты:** балалардың түсіне назар аудара отырып, үлгі жасау дағдыларын бекіту. Үлгіні өз бетінше орналастыру дағдысын қалыптастыру. Балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту. Ойын үшін" көрпе "-үлгілер, бос" көрпе", түрлі-түсті асықтар қолданылады.<br>Балаға ұсынылған үлгіге сәйкес түрлі-түсті асықтарды қою ұсынылады, содан кейін сіз "көрпе"үшін үлгіні өзіңіз ойлап табуды ұсынады. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Түрлі түсті сызықтар»<br>**Мақсаты:** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.<br>**Ойын:** «Міне,мен қандай күштімін» | **Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Епті және күшті боламыз»<br>**Мақсаты:** Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.**Ойын:** «Айна» |
| | **Дидактикалық ойын** | **Дидактикалық ойын**: **«Қазақ халқының** | **Дидактикалық ойын**: **«Қазақтың ұлттық ер** | **Дидактикалық ойын «Жауынгерлердің қару** | **Дидактикалық ойын «Ұлттық ыдыс аяқ** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Ойлан, тап»**<br>Мақсаты: ойлау және талдау қабілетін дамыту. 1. Олар қыста ұшады, көктемде келеді.<br>2. Біздің көптен бері досымыз, сөйлейтін даусы бар.<br>Ол қардан пайда болды, күн сәулесімен шалшыққа айналды!<br>**«Наурызды қалай қарсы алады?»**<br>Сурет бойынша әңгіме құрастыру<br>**Мақсаты:**<br>дыбыстарды автоматтандыру (д), (т), (п), (р), (ж), есту зейінін жетілдіру, сөйлеудің интонациялық мәнерлілігін тәрбиелеуге ықпал ету. ұлттық тұрмыстық заттармен таныстыруды жалғастыру, тұрмыстық заттар мен табиғи ортаның мақсатын түсінуге | **ұлттық киіз үйінің құрылысын ата және орналастыр»**<br>Мақсаты: Балаларға ұлттық киіз үйдің құрылысын білуге үйрету. Өлең жолдарымен қимыл-қозғалыс түрлерін жасап киіз үй құру. Сөздік қорларын молайту.<br>Көрнекілік: киіз үй құрылысы жасалған карточкалар топтамасы, киіз үй үлгісі<br>Ойын шарты: балаларға киіз үй құрылысын ретімен атауға, киіз үй шаттық шеңберін орындауға үйрету, тоқпақ жолдарын іс-қимыл келтіріп орындау. Киіз үйді құрастыру, карточкаларды топтастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**(дене шынықтыру)** | **адамның, қыз баланың киімдері»**<br>**Мақсаты:** Суретте көрсетілген киім үлгілерін атау, оларды айыра білу, топтастыруға, тапқырлыққа, шапшандыққа баулу.<br>**Көрнекілік:** ұлттық ер адам, қыз бала киімдері, хат қалта<br>**Ойын шарты:**<br>хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Ер адамның және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатының айтады. Ол сөздерге қатыстырып, сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер адам киімдерін жеке-жеке топстастырады<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ойлан тап, не артық?»**<br>**Мақсаты:**<br>Ойын шарты: Балалар көрсеткен суреттер ішінен артық затты тауып, неліктен артық | **жарақтары мен сауыт-саймандары»**<br>**Мақсаты:** Балаларды ұлттық патриоттық сезімге баулу, қару жарақтар мен сауыт-саймандар жайлы білімдерін бекіту<br>**Көрнекілік:** үлгілер көрсетілген карточкалар топтамасы.<br>**Ойын шарты:**<br>1.Қазақ халқы жауынгерлікте денесін оқтан қорғау үшін киген киімі қалай аталады жалпы атауы, жеке-жеке атауы. 2. Қазақ хандары дауды қалай тоқтатқан, нені қолданған. 3. Шайқаста қандай қару-жарақтарын қолданған. Карточка топтамаларынан аттарын атап үш бөлікке бөліп топтастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**ДУЛЫҒА**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Жапсыру)** | **түрлері»**<br>**Мақсаты:** Ұлттық ыдыстардың аттарын атай, оларды толықтыруға қажетті құралдарды тапқызу, ыдыстардың жалпы және жеке атауларын меңгерту, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру.<br>**Көрнекілік:** ұлттық ыдыстар түрлері (келі, келсап, күбі, піспек, торсық, шәйнек, қазан-ошақ)<br>**Ойын шарты:** ыдыстардың аттарын атай отырып, ажыратып толықтыру. Оларда қандай тағамдар дайындалатының және сақталатындығы туралы әңгімелеп. Олар неден жасалған екендігі туралы айтқызу.<br>**Қысқаша мағлұмат:** Келімен бидай түйіп, келсаппен бидайды қауызынан айырып талқан дайындайды, күбімен бие сүтін құйып піспекпен пісіп қымыз әзірлейді, қаймақ шайқап май әзірлейді. Торсыққа қымыз, айран толтырып жолға, сапарға шыққанда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Дөңгеленіп тұрайық<br>Керегені құрайық.<br>Уықтар боп иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп<br>Киіз үйді құрайық.**(Дене шынықтыру)**<br><br>**«Жайлау»**<br>**Мақсаты:**<br>Қағаз квадраттар мен тіктөртбұрыштар дан гүлдер салу. шаршы парақты бүгуге үйретуді жалғастыру. Балалардың ұлттық мереке мен дәстүр туралы түсініктерін кеңейту.<br>1.Квадратты диагональ бойынша екіге бүктеу. Бұл үшбұрыш болды.<br>2.Біз үшбұрышты жоғары бұрышқа орналастырамыз. Үшбұрыштың негізінде біз | **Дидактикалық ойын: «Киіз үй тігейік»**<br>Мақсаты: Өткен тақырыпты қайталау, ежелден келе жатқан қазақ халқының мекен-жайы, тұрағы киіз үй туралы түсінік беру.<br>Керекті құралдар: киіз үйдің сүйектерінің суреттері, есептер жазылған карточкалар.<br>Мазмұны: киіз үй сүйектері суреттерінің артына тапсырмалар жазылған. Өткен тақырыптарды қайталай отырып, балалар киіз үйді тігеді. Киіз үйдің сүйектерін атайды. Шаңырақ, уық, кереге, сықырлауық.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Шаңырақ»**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен таныстыру.<br>Аквррель краскамен жұмыс жасауға үйрету.<br>**(сурет салу)** | деп санайтындығын түсіндіруі керек.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Сергіту сәті**<br>Біздер тату баламыз. Гүл-гүл жайнап жанамыз.<br>Жаттығулар жасайық.<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір, бұрыламыз солға бір<br>Көбелек болып ұшамыз, орнымызды табамыз.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**Өнер орталығы**<br>Балаларды таңдауы бойынша үш орталыққа бөлу. Бірінші орталық дайын қиындылардан саукеле жапсырып жасайды.<br>Екінші орталық саукеленің суретін салады.<br>Үшінші орталық мозаикамен саукеле құрастырады.<br>**(жапсыру, сурет салу, құрастыру)** | **Сергіту сәті**<br>Б.Бөрібаев/<br>Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.<br>Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.<br>Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,<br>Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.<br>Алға, артқа қарадық та – үш дедік.<br>Тағы жаңа жаттығулар істедік.<br>Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,<br>Отырайық көңілді енді марқайтып.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**ҚАЛҚАН**<br>**шит: қорғану үшін қолға ұстаған**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.<br>**(Мүсіндеу)** | аттын қанжығасына байлап алады, онда сут өнімі салқын күйде сақталады, шөлдегенде сусын қандырады<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>**«Шебер және батыл қолды мүсіндейік»**Балалар «мүсінші» болып,саусақтарымен топырақты,уыстағандайқысып, ермексазды ширатқандай алақандарын бір-біріне үйкелеп,ашып-жұмып қолдарына жаттығу жасайды.Балалар бір-бірлеп саусақтарын ашып,санап,әр саусаққа сипаттама береді. • Бас бармақ-өте күшті,қайырымды,бәріне негізгі,нағыз тірек болуы керек(Бұл әке). • Балаң үйрек-қатал,тәртіпке қатаң қарап,қадағалайды(Бұл ана) • Ортан терек -ата-ананың негізгі көмекшісі (Үлкен аға) • Шылдыр шүмек-көп |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ортасын тауып, оңға бұрышты жоғары, содан кейін солға бүгеміз. 3.Жасыл тіктөртбұрыштан сабақты бүктеу. 4.Басқа жасыл тіктөртбұрышты екіге бөліп, қызғалдаққа арналған екі жапырақты кесу. Өзіндік жұмыс. Енді әркім өз қызғалдағын алып, біздің жайлауға жабыстырады. **(Құрастыру, жапсыру)** | **"Киіз үй"** Кереге (киіз үй қабырғасы) -6 дана.; Уықтар - 20 дана.; Шаңырақ (киіз үйдің жоғарғы бөлігі) - 1 дана.; Сықырлауық (есік) - 1 дана.; Туырлық 1 дана; Үзіктер (киіз бөліктері) - 2 дана.; Түндік (шаңыраққа арналған кошма) -1 дана.; Беларқан (арқан) - 1 дана.; Сандық - 1 дана.; Ағаштөсек — 1 дана; асадал (шкаф) - 1 дана.; Дөңгелек үстел (дөңгелек) - 1 дана.; Сырмақтар (кілем) - 2 дана.; көрпеше 1 дана.; Жастық (жастық) - 1 дана. **(Құрастыру)** | | | сөйлемейтін,бірақ өте еңбекқор(ортаншы аға) • Кішкентай бөбек-ең титтей,бәрінің сүйіктісі,кішкентай көмекші. • Осындай жұмыстан соң «мүсіншілер» жұдырықтарын жұмып,жасағандарын бағалайды. «Тек осындай мықты,берік жаңұяғана алдында ьұрған мәселелер мен қиындықтарды сенімді түрде жеңе алады. **(Дене шынықтыру)**<br><br>**«Ожау»**<br>**Мақсаты:**<br>Ожау жасау үшін: ермексазды екіге бөлу. Екінші бөлігін тағы екіге бөліп, оларды сопақтау етіп домалақтау. Ожаудың басы мен жиегін жасап, біріктіру. Екінші бөлігінен созу арқылы ожаудың сабын жасау. Ожаудың басы мен тұтқасын біріктіру. Қалақшамен тегістету.<br>Енді жасаған ожауды сәнді болу үшін безендіру.<br>**(Мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Дидактикалық ойын «Үстелде не жоқ?»**<br>**Мақсаты:** ыдыстарды топтастыру<br>Шарты: төртке бөлінген торсық суретін құрастыру, бөлшектерін атау.<br>**(Құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>Егер сендер серуендегілерің келсе,<br>Тез киінулерің керек.<br>Шкафтың есігін ашыңдар,<br>Тәртіппен киініңдер!<br>- Сендер қалай ойлайсыңдар, біз бірінші кезекте не киеміз?<br>Балаларға реттілікпен киінуді айтады. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Күнге бақылау.**<br>Мақсаты: Баларға күн туралы айту.Сұрақ-жауап арқылы ой-өрістерін дамыту.<br>**Мысал сұрақтар:**<br>-Бүгін ауа райы қандай?<br>-Аспанда күлімдеп не тұр?<br>-Күн неге ұқсайды?<br>-Күн бізге несін төгіп тұр?<br>**(Қоршаған ортамен** | **Бақылау: Жаңбырды бақылау**<br>Мақсаты:Жаңбыр жайлы түсінік беру, сөздік қорларын дамыту, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз**<br>Жау-жау жаңбыр,жау жаңбыр, | **Бақылау: Желге бақылау**<br>Мақсаты:Табиғат құбылыстарын бақылай білуге үйрету,тілдерін дамыту.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Жұмбақ.**<br>Кейде сипап кетер,<br>Кейде ұйпап өтер. (жел)<br>**Сұрақтар:**<br>-Бүгін ауа райы қандай?<br>-Жел бар ма? | **Бақылау: Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты:Балаларды ауа райының әртүрлі құбылыстары жайлы білуге және оларды салыстыра білуге үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз. Жұмбақ жаттайық.**<br>Көзге көрінбейді,<br>Қолға ілінбейді. (Ауа)<br>**Сұрақтар:** | **Бақылау:** Торғайды бақылау.<br>Мақсаты:Торғай жайлы мағлұмат беру.Балаларды құстарға қамқор бола білуге тәрбилеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз:**<br>Торғай, торғай , торғайсың<br>Жерден тары шоқып алғайсың.<br>Бөтегеңді томпайтып<br>Биікте ұшып самғайсың. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **таныстыру)**<br>**Еңбек:**Ауладағы гүлдерге су құю.<br>Мақсаты:Қамқорлыққа тәрбиелеу,еңбектену дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойын:** К-№ 11 «Торғайлар мен автомобиль»<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Жеке жұмыс:** Жұмбақ. Таңмен көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн)<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Өзіндік іс-әрекеті:** еркін іс-әрекеттер. | Жаушы жаңбыр.<br>Менің әсем далама,<br>Менің әсем қалама.<br>**Сұрақтар:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Далада не жауып тұр?<br>-Жаңбыр жауған пайдалы ма?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек:** Ойын алаңын жинау.<br>Мақсаты: Баларды өздері ойнайтын алаңды таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**(Еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойыны:** К-№13 «Құстар мен мысық»<br>(Дене шынықтыру)<br>**Жеке жұмыс:**<br>Сулы құмнан киіз үй мүсіндеу<br>**(Мүсіндеу)**<br>**Өзіндік іс-әрекеті:** қалаған ойындарын ойнау. | -Жел қай жақтан соғып тұр?<br>-Жел қандай?<br>-Біз оны көре аламыз ба?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек:**Ойын алаңына шығарылған ойыншықтарды жинау.<br>Мақсаты:Баларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. (Еңбек қызметі)<br>**Қимылды ойын**: К-№14 «Құстарды ұшып келуі»<br>(Дене шынықтыру)<br>**Жеке жұмыс:**<br>Секіру, жүгіру, жүру дағдыларын бекіту.<br>**Өзіндік іс-әрекеті:** қалаған ойындарын ойнау. | -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Ауа райы қандай?<br>-Ауа райының қандай өзгерістері болады?<br>-Таза ауа қайдан пайда болады?<br>-Ауаны таза ұстау үшін не істеу керек?<br>-Ауаның түсі,иісі бола ма?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек:**Алаңды жинау.<br>Мақсаты:Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**(Еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойын:** К-№13 «Құстар мен мысық»<br>(дене шынықтыру)<br>**Жеке жұмыс:**<br>Түзу сызықтың бойымен жүріп өту.<br>**Өзіндік іс-әрекет:** еркін іс-әрекеттер. | С**ұрақтар:**<br>-Ауламызда нелер ұшып жүр?<br>-Торғай қандай құс?<br>-Түсі қандай?<br>-Олар немен қоректенеді?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек**: құстарға жем шашу.<br>Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**(Еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойын: К-№8 «Аңшылар»**<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Жеке жұмыс:** көктем мезгілі туралы тақпақтарды қайталау.<br>**Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау. |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |

| | |
|---|---|
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту жәнекөркем әдебиет)**<br>Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын, Аумин **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Тамақтанғаннан кейін мен балаларға дәретхана бөлмесіне баруды ұсынамын.<br>**Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотористикаларды дамыту).**<br>Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін сіздермен жақсы ойнадық, жаттығып, серуендедік, енді сіздермен бірге демалып, жаңа ойындар мен білім алу үшін күш алатын уақыт келді. Балалар, орындықтарыңды алыңдар, оларды кілемге қойып, шешініңдер. Сендердің барлықтарың киімізді орындықтарға қалай қою керектігін есте сақтадыңдар ма?<br>Балаларға орындықтарға тәртіппен киімдерін шешуге, кезекшілерге көмектесуге кеңес беріледі.<br>**«Сиқырлы жол» ойыны (дене шынықтыру)**<br>Шарты: Массаж төсеніштерінен ақырын, шуламай өту.<br>«Сиқырлы жолмен» өткен балалар төсектерге жақындайды, төсектерін мұқият ашып, жатып, қалған балаларды күтеді.<br>Балаларға төсекке ыңғайлы жатуға, көрпенің үстіне қолдарын қоюға көмектесу.<br>**«Жұлдызша» ойыны** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың назарын бүгін жақсы ұйықтайтындарына, себебі жастықтың астына кішкентай жұлдыз келеді, ол сендердің тілектеріңді орындайды дейді.<br>«Жұлдызша» ойынынан кейін мен балаларға төсектерінде ыңғайлы жатуды ұсыну.<br>- Ал, ертегі уақыты келді. Барлықтарың көздеріңді жұмыңдар, тыңдаңдар және ұйықтаңдар.<br>Мен орындыққа отырамын және «Бауырсақтың арманы» ертегісін оқимын. **(көркем әрекет, музыка)**<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>**Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар).**<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолыңды,<br>Сүртеді жоныңды. | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу**<br>Мен жақсы тамақтандым,<br>Сергекпін, күштімін.<br>Көңіл күйім көтеріңкі,<br>Өзімді жақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **Картотека №10**<br>**Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Азық-түліктер бөлімі»**<br>**Мақсаты:** балаларға дүкенде жұмыс істейтін адамдар жайлы түсінік қалыптастыру. Дүкендердің әртүрлі | **«Экологиялық соқпақ»**<br>**Мақсаты:** балаларға экологиялық білім беру, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Өнер бұрышы** | **Картотека №11**<br>**Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі»**<br>**Мақсаты:** Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру,қызығушылықтарын арттыру. Ролдерге | **«Ұлттық қазына» Этнопедагог жоспары бойынша**<br>**Өнер орталығы**<br>«Садақ және оқ» Түсті қағаздардан<br>Мақсаты: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен | **Сюжетті-рөлді ойын: «Ойыншықтар дүкені»**<br>**Мақсаты:**<br>Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы<br>жайлы білімдерін тиянақтау.Ойынды ролдерге бөліп ойнауға үйрету.<br>**Керекті құралдар:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болатыны жайлы айту. Коммуникативті дағдыларын дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. **Сөздік жұмыс**: витрина,сатушы. **Керекті құрал жабдықтар**: витрина, таразы, касса, сатушының киімі, ақша, сатып алушыларға арналған себеттер, тауарлар. **Алдын ала жұмыс:** балалармен «Қандай дүкендер болады, олардан не сатып алуға болады?», «Дүкенде кім істейді? » тақырыбында әңгіме жүргізу. ***Шарты***: сатушы, сатып алушы, кассир.Балалар дүкендегі азық-түліктің қайсысы пайдалы және қандай тағамдарды алу керек екені | **«Мен кішкентай суретшімін» Мақсаты:** Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізуге үйрету. **(сурет салу)** | бөлініп ойнауға үйрету. Керекті құрал-жабдықтар:сөрелер,тараз ы, касса, ақша, жеміс-жидектер. Шарты:Жеміс – жидектердің адамға деген пайдасын және оны сатушының көмегі орасан зор екені туралы білетін болады.Сатушы бала мен сатып алушы балалар болып бөлініп жемістер сатып алып ол туралы өз ойларын айтады. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | (ер-тұрман) таныстыру. **(Құрастыру)** | сөрелер, сатушы, ойыншықтар, касса, ақша,сатып алушылар. Шарты: Сатушы және бала, сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау, бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Өнер орталығы**<br>**Сәндік сурет салу.**<br>**Торсық**<br>Мақсаты:<br>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу<br>**(Сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | туралы түсінік қалыптастырады. **(Қоршаған ортамен таныстыру)** | | | | |
| **Балалармен жекежұмыс** | Жазира мен Алинамен **«Қуыршақты тамақтандыра мыз» ойыны** Шарты: Ермексаздың бір бөлігін алып, алақанның арасына қысып домалатады, сары түсті дөңгелек бауырсақтар алынады. Содан кейін олар табақшаларға салып ойыншықтарын тамақтандырады. **(Мүсіндеу)** | **«Киіз үй» түсті қағазбен** Динара мен Бектасқа Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруге үйрету. **(жапсыру)** | **«Бөрік»** Құралай мен Жазираға қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. **(мүсіндеу)** | Дархан менӘйгерімге Қылыш суретін салдыру. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояуға үйрету. **(сурет салу)** | Алина мен Расулға «Кесені сәндейміз» Мақсаты: Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту **(жапсыру)** |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен табиғат обьектілерін бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету.<br>**Ойын шарты**: Бір бала күн, екінші бала жаңбыр болады. Күн болып тұрған бала «Күн» деп орнынан тұрғанда балалар жүгіреді. «Жаңбыр» деп екінші бала орнынан тұрғанда барлық балалар бастарын жасырып тығылады.<br>**(дене шынықтыру)** | мен табиғат обьектілерін бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын: «Аңшылар»**<br>**Мақсаты:** жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету.<br>**Ойын шартты:**Ойыншылар екі топқа бөлінеді. ортаға үлкен шеңбер сызылады. Ойыншылардың бір тобы үйректер-шеңбердің ішінде қалады. Екінші тобы-аңшылар-шеңбер бойымен қатарға тұрады. Ойын жүргізушінің белгісі бойынша аңшылар үйректі қолдарындағы доптармен атып ала бастайды. Ойын уақытпен ойналады. Берілген уақыт өткеннен кейін | мен табиғат обьектілерін бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын: «Құстардың ұшып келуі»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Балалар (құстар) қанаттарын жайып, алаңның барлық жеріне ұшады. “Боран” деген белгі бойынша құстар ағаштарға тығылады. Тәрбиеші “Боран тынышталды” | мен табиғат обьектілерін бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын: «Қарғалар»**<br>**Мақсаты:** Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты**: Балалар “қарғалар” болып жемдерін жеп жүреді. Тәрбиеші белгі бергенде яғни “боран”(жел) деген белгі бойынша “қарғалар” ағаштарға тығылады. “Боран тынышталды” деген кезде “қарғалар” жерден жемдерін жеп жүреді. | мен табиғат обьектілерін бақылау **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Қимылды ойын: «Қасқырлар мен лақтар»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын шарты:** Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. Ойнаушылар үйлерінде тұрып:<br>Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лақ.<br>Кетесің кейде секеңдеп,<br>Байламаса көкем кеп-деген сөздерден кейін дүрсілдей жүгіріп «өріске» беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып келесі кіреді. Қасқырларға ұсталмаған балалардан сайланады. Осылайша ойын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аңшылар мен үйректер орындарын ауыстырады. Ойынның соңында белгіленген уақыт аралығында көп үйрек атып алған аңшылар тобы ұтқан болып есептеледі. **(дене шынықтыру)** | деген кезде ағаштардан түседі де ұша береді. **(дене шынықтыру)** | ***(дене шынықтыру)*** | жалғасады. ***(дене шынықтыру)*** |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.**<br>**Ата-аналарға кеңес: «**Балабақшадағы рухани-адамгершілік тәрбие» | | | | |

**Тексерген әдіскер:**
**Тәрбиеші:**

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограмма**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС Гүлбану апа б/б
**Топ**: Ересек «Балауса»тобы
**Балалардың жасы**: 4 жастағы балалар
**Жоспардың құрылу кезеңі**: 08.04-12.04.2024жыл

| Күн тәртібінің кезеңдері | Дүйсенбі 08.04.2024 | Сейсенбі 09.04.2024 | Сәрсенбі 10.04.2024 | Бейсенбі 11.04.2024 | Дүйсенбі 12.04.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу.<br>**Әңгіме "Неге ойыншықтарды орнына қою керек?"**<br>Мақсаты: "Петя тазалауды ұнатпады" - балаларға тәрбиеші бастаған әңгімені жалғастыруды ұсыну, шашыраңқы ойыншықтар туралы сүрінуге болады деген ойға келу. Балаларға ойыншықтарды ретке келтіруге, оларды орнына қоюға үйрету; тәртіп пен тәртіпті сақтауға деген ұмтылысты ынталандыру, топтағы тәртіп пен қауіпсіздіктің қалай байланысты екенін түсіндіру. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Үстел-үсті ойыны картотека №30 «Түрлі-түсті домино»**<br>**Мақсаты:** балаларға балалар доминосын ойнау ережелерін үйрету, қажетті түсті таңдаудың маңыздылығын көрсету, түстердің дұрыс атауын үйретуді жалғастыру.<br>**Қажетті заттар:** 28 дана балалар | **Үстел-үсті ойыны картотека №31 «Кемпірқосақ»**<br>**Мақсаты:** балаларды кемпірқосақтың суретін салуға, оның түстерін дұрыс атауға, олардың орналасуын есте сақтауға, балалардың сөйлеуі мен сөздік қорын | **Үстел-үсті ойыны картотека №32 «Тышқанды жасыр»**<br>**Мақсаты:** 4 негізгі түстің атауын ажырата білуге үйрету-қызыл, сары, жасыл, көк.<br>**Қажетті заттар:** қағаз парақтары 4 түсті (20-15), ортасында тышқан (тышқан үйі) | **Үстел-үсті ойыны картотека №33 «Суретті түсіне қарай таңда»**<br>**Мақсаты:** негізгі 4 түсті білімдерін бекіту, визуалды қабылдауды дамыту.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші балаларға, мысалы, сары шеңбері бар қақпақты көрсетеді, оның түсі қандай екенін сұрайды және балаларға | **Үстел-үсті ойыны картотека №34 «Түс бойынша жұп құр»**<br>**Мақсаты:** ұқсас сенсорлық қасиет негізінде жұптарды таңдау мүмкіндігі; визуалды қабылдауды дамыту.<br>**Ойын шарты:** тәрбиеші балаларға түрлі-түсті шеңберлері бар қақпақтарды қарастыруды ұсынады, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | доминосы, онда суреттердің орнына квадраттар әртүрлі түстермен боялған (олардың 7 түрі болуы керек).<br>**(математика негіздері)** | дамытуға үйрету.<br>**Қажетті заттар:** А2 парағына кемпірқосақ бояуының үлгісі, балаларға арналған Пейзаж парақтары, щеткалар, түрлі түсті гуашь немесе акварель бояулары, таза су құтылары, шүберектер, бояуларды араластыруға арналған палитра (қажет болса).<br><br>**Өнер орталығы «Құлыншақ»**<br>**Мақсаты:**<br>Заттық сурет салу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай | салынған Ақ шаршы (8-8), сол 4 түстің квадраттары-есіктер (10х10), үлкен картон ойыншық - мысық, әр балаға жұмсақ тышқан-түрлі-түсті парақтар 10х8, ақ квадраттар оларда 5х5, түрлі-түсті квадраттар.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>**Өнер орталығы «Шалғындағы үйрек" қағаздан құрастыру**<br>**Мақсаты:**<br>Қағаздан көлемді үйрек фигурасын жасау.<br>өз қолымен қағаздан ойыншық жасауды үйрету;<br>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды | бірдей түсті тақырыптық суретті таңдауды ұсынады. Содан кейін жасыл шеңбері бар қақпақты көрсетеді, балалар түсті атайды, сонымен қатар суретті таңдайды.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Өнер орталығы «Қобыз»**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**(Мүсіндеу)** | түсін атауды сұрайды. Содан кейін балаларға бірдей түсті шеңберлердің жұптарын алуды ұсынады.<br>**(математика негіздері)**<br><br>**Өнер орталығы «Күрек»**<br>**Мақсаты:** Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.<br>**(Жапсыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ырғақты түрде бояу. **(сурет салу)** | өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(Құрастыру)** | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ**<br>**Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. «Сыпырғыш» - Бірінен соң бірі сапқа тұрып бағытты өзгертіп жүру. «Шапалақ» - Бытырап жүгіру.<br>2. Сапта аяқтың ұшымен, өкшемен жүру.<br>3. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды артқа - алға тербеп, жан - жақтан көтеру, оған қарап, ақырындап орнына түсіру. (6 - 7 рет қайталау)<br>4. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Оңға бұрылып, қолды артқа созу, оған қарап, бұрынғы қалыпқа қайта келу. Соны сол қолмен қайталау.<br>(2 - 3 рет қайталау)<br>5. Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қою. Қолды алдыға созып, шынтақты бүгеді,<br>«насос» ұстағандай түру. Машинаның дөңгелегін ауаға толтырғандай алға, төменге еңкею, өз қалпына келу.(5 - б рет қайталау)<br>6. Аркаға жатып, дене бойымен қолды созу. Аяқты кеудеге тартып, тізеден қолмен шапалақтау, өз қалпына қайта келу.(5 - б рет қайталау )<br>7. Түзу тұрып, қолды белге қою. Бір орында тұрып, секіру. (4 - 5 рет қайталау)<br>8. Сапта тұрып бірінен соң бағытты өзгертіп жүру.**(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Сырттан келіп үнемі, | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>Біз қалай жуу керектігін білеміз. Менің | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**1. Су, су, менің бетімді жу,**<br>Көздер жарқырап, | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Қолды сабынмен жуамыз. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз: Сүлгі**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(Сөйлеуді дамыту және** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Ахмет Диас пен Ермек Аружанға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)<br>**Бата**<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін, | бетім мен мойным!<br>Менің қолдарым, мұрыным!<br>Біз бетімізді, аузымызды жуамыз.<br>Біз үлкендер сияқты жудық.<br>Міне, біз қандай тазамыз!<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Кезекшілер жұмысы**: Дамир Айбар мен Бекзат Жаннұрға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>Тамақтану<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін | иектер қызарғанша,<br>Аузымыз күлгенше,<br>тісіміз тістегенше.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жаннұрға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)<br>**Бата**<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан | Қолды сабынмен жуамыз.<br>Жылы сумен жуыңыз.<br>Жуу, жуу,жуу, жуу – жуу-жуу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Ахмет Диас пен Ермек Аружанға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)<br>**Бата**<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін, | **көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)<br><br>**Бата**<br>Аумин десең маған,<br>Алтыннан-жағаң,<br>Күмістен тағаң<br>Оң жағыңнан кетпесін,<br>Тілеуің қабыл,<br>Мұратың асыл болсын,<br>Аумин<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. | кетпесін, Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Тілеуің қабыл, Мұратың асыл болсын, Аумин **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Нан** Ерте тұрып таңнан Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. «Бауырсақ» Кернейді хош иісің Тамсандырып үй ішін. Жесем тоймай | **Көмек Ыбырайұлы ҚАЗЫ – ҚАРТА, ЖАЛ – ЖАЯ** Дәмді тамақ қандай, ә! О, қазағым, жарадың! Қазы -қарта, жал – жая, | **Ақылбек Шаяхмет Айдары желбіреген күркетауық** Жауыннан тығылса да күрке тауып, Бағусыз өмір сүре алмайды ғой, Іргеден төніп тұрса күнде қауіп. Жүрген соң көбінесе | **Абдрахман Асылбек «Қобыз»** Күйші бала өзінің Қысып ұстап қобызын, Міне, былай... Күй тартқанда керемет, Сызылта бір созып үн: Игай, игай! Игай, игай! **(сөйлеуді дамыту** | **Бейсебай Кірісбаев «Балға»** Таңдап алған ыңғайлы Балғам мені тыңдайды. Күнде бір уақ қолға алып, Бұлшық етті шыңдаймын. Балғам істің әрдайым Талғамайды қандайын. Босап қалса шегелер, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаламын<br>Әжемді еске аламын.<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | Сенің ұлттық тағамың.<br>Құпиясын біл қазір,<br>Бар ма қояр сұрағың?<br>Дайындалар бұл мәзір<br>Жылқы етінен, шырағым!<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | орайы кеп,<br>«Жарайды!» деушілердің<br>«қалайы?» жоқ.<br>Күтпесе өсімдік те қисық өсіп,<br>Бақпаса мал кетпей ме жабайы боп.<br>Тумайды жыр ұйқассыз, ән жүйесіз,<br>Қаншама бастамалар қалды иесіз.<br>Қорытынды бұдан шығар біреу ғана:<br>Адам да өсе алмайды тәрбиесіз.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **және көркем әдебиет)** | Соғады кеп маңдайын.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Біз – кішкентай спортшылар<br>**Мақсаты:** . Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру<br>**Ойын:** «допты ары қарай жалға» | **Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)<br><br>**Қазақ тілі**<br>Көктем мезгіліне қатысты сөздерді (жаңбыр, жел), атауларын айту және түсіну дағдыларын | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** «Біз әскерміз сап түзеген»<br>**Мақсаты:** Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа | **Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Хоккей ойнауды үйренеміз. (Таза ауада өткізу)<br>**Мақсаты:** Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру. Наурыз мерекесіне қатысты сөздердің атауларын айтуды үйрету. **Сөздік минимум:** Ағаш, шөп, гүлдер, құстар, жанды табиғат Тау, су, күн құм, бұлт. Түрлі-түсті суреттер «Атын атап бер» дидактикалық ойын | (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; **Ойын:** «Кім мерген» | | орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру; **Ойын:** «Белгіге құлақ сал» |
| | **Дидактикалық ойын: «Ұн тағамдары қайдан алынады?»** **Мақсаты:** Балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру, нан жасауға қатысатын адамдар еңбегін бағалау, қадірлуеге тәрбиелеу. Нанды құрметтеуге үйрету. **Көрнекілік:** Ұн өнімдерін суреттегі көрсетілген карточкалар бойынша топтастыру. **Ойын шарты**: Ұн тағамдарын атау, олар қайдан алынады, шикі | **Дидактикалық ойын «Ет тағамдары (қазы-қарта, жал-жая....)»** **Мақсаты:** Балаларға ұлттық ет тағамдарының жалпы және жеке атауын ажыратып айта білуге үйрету. Қазақы бесбармақ тамағының дайындалуы, қонақ күту туралы ұғымдарын қалыптастыру. **Көрнекілік:** дастархан, оған | **Дидактикалық ойын «Қазақстанда мекендейтін -үй құстарын дала құстарынан ата және орналастыр, олардың мекенін атап, ерекше қасиеттерін тап.»** **Мақсаты:** Балаларды суреттегі көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін, қандай ерекше қасиеттерін білетіндерін сұрау. Логикалық ойлау | **Дидактикалық ойын: «Ұлттық музыкалық аспаптар»** **Мақсаты:** Ұлттық аспаптарымыздың атауларын білуге, оларды айыра білу, ұлттық құндылықтарымыз туралы білімдерін көтеру. **Көрнекілік:** ұлттық аспаптардың түрлері (аса таяқ, сыбызғы, шаң қобыз, домбыра, қобыз, жетіген) **Ойын шарты:** балаларға аспаптардың аттарын атай білу, | **Дидактикалық ойын: «Егіншілікке-ауыл шаруашылыққа қажетті құрал-саймандарды ата»** **Мақсаты:** Шаруашылыққа қажетті құралдардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсініп білу, талаптылыққа, еңбекке, алғырлыққа баулу. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. **Көрнекіліктер:** хат қалта, еңбек құралдар топтамасы, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өнімдерден піскен өнімдерді айырып жинақтау, қайсысы қазанда майға қуырылады, ал қайсысы табада дайындалады туралы айтқыздырту. Қайсысы пеште піседі? Ал қайсысы суға піседі, немесе бұқтырылатыны жайлы, оларды жеке-жеке топтастырып айту **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Жайқалады ақ бидай,<br>Басын иіп аққудай.<br>Трактормен комбайн,<br>Жүргізуге мен дайын.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: «Ұннан не жасалады?»**<br>Мақсаты: танымдық қызығушылықты, ойлауды, көрнекі зейінді дамыту.<br>Ойын барысы: Балалар тек ұннан жасалатын | қажетті заттар және тағам түрлері<br>**Ойын шарты:** балаларға ет тағамдарын жинақтап, топтастырып, табақ тарту жасауға үйрету. Атауларын атау, дайындалу жолын айтқызу. Карточкаларды топтастырады.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Мысығым ұйықтап жатқанда,<br>Тышқан түсті қақпанға.<br>Мысық оны бас салды,<br>Қызық ойын басталды.<br>Тышқан, тышқан қаш енді,<br>Бір айлаға бас енді.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын: "Үй** | қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту.<br>**Көрнекіліктер:** дидактикалық ойын шартына арналған карточкалар, бейне слайдттар.<br>**Ойын шарты:** Құстардың суреттері бейнеленген әр түрлі құстарды көрсету. Оларды құрастыру, қайда мекендейді, немен қоректенеді, қандай ерекше қасиеттері бар екенін сұрау. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздерді еңгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін өлендері, жұмбақтары жайлы сұрау, айтқызу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Қарлығашқа ұқсайық,<br>Қане қанат қағайық. | оларды айырып топтастыру. Ол сөздерге қатыстырып, сөйлем құрайды.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>1 дегенде тұрайық,<br>2, 3, 4 – алақанды соғайық,<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз жүгіріп алайық.<br>5 дегенде асықпай,<br>Орнымызды табайық.<br>**(дене шынықтыру)**<br><br>**«Домбыра»**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымы таныстыру.<br>**(Құрастыру)**<br>**«Шаңқобыз»**<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.<br>Геометриялық | дидактикалық ойын шартына арналған карточкалар.<br>**Ойын шарты:** балаларға құрал-саймандардың атауын айту, олардың пайдасы, қолдану әдісі, іс-қимылмен олармен жұмыс істеу шараларын келтіру не істеп жатқандарын баяндап айту. Егіншілікке, шөп шабуға арналған құралдарды жеке топтастыру, ағаш кесуге, шабуға, жекелеуге, оны жұлуға арналған құралдарды жеке топтастыру<br>1.Ағаш кесуге, шабуға, шегелеуге, шеге жұлуға арналған құралдарды топтастыру<br>2.Жер қазуға, шөп оруға арналған құралдарды бір бөлек топтастыру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Дидактикалық ойын «Құралдар»**<br>Мақсаты: Балалардың сөйлеуін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тағамдарды фишкалармен белгілейді.<br>**(жапсыру)**<br><br>**Тиым сөздер**<br>Ас атасы-нан.<br>Нан атасы дән.<br>Нан бар жерде, ән бар.<br>Нан бар жерде- тірлік бар.<br>Нан туралы мынадай тиым сөздер бар.<br>Нанды лақтыруға болмайды.<br>Нанды бір қолмен үзбе.<br>Нанды аяқпен басуға болмайды.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Қып-қызыл нандар»**<br>Мақсаты: Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету.<br>Мен әдемі үстелге жайылған нан өнімдерін салуды ұсынамын. | **жануарлары қандай пайда әкеледі?"**<br>**Мақсаты:**<br>логикалық ойлауды дамыту, балаларды тұжырым - пайымдау құруға үйрету.<br>Сиыр бізге не береді? Сүт, қаймақ, сүзбе, ірімшік, ет, тері.<br>Ешкі бізге не береді? Ет, сүт, жүн, ірімшік.<br>Қой бізге не береді? Жүн, ет, тері.<br>Жылқы бізге не береді? Атқа мінуге, жүк тасымалдауға болады. Ет, тері.<br>Тауықтар, қаздар, үйректер бізге не береді? Жұмыртқа, ет, қауырсын және мамық.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Құлыншақ»**<br>**Мақсаты:** | Қарлығаш боп ұшайық,<br>Ұшып, ұшып қонайық.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**Топтық жұмыс «Үндік балапандарымен»**<br>**Мақсаты:**<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, безендіру дағдыларын дамыту<br>**(Мүсіндеу, жапсыру)**<br><br>**Дидактикалы ойын: «Ненің даусы?»**<br>Құстардың үнін | пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**(Жапсыру)** | құралдармен әрекеттерді білдіретін етістіктермен байыту. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>Ойын барысы. Бала белгілі бір мамандыққа қатысты құралдарды салады. Басқа балалар осы мамандықтың атын болжауы керек.<br>**(Сурет салу)**<br><br>**Сергіту сәті**<br>Тепе-теңдік жолменен,<br>Арасында мен келем.<br>Бір, екі, үш, төрт,<br>Келе жатқан жете алмай,<br>Мынау бздің мекен-жай.<br>**(Дене шынықтыру)**<br><br>**«Балға мен шеге»**<br>**Мақсаты:** Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(сурет салу)** | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру**.** Жылқының үйімен таныстыру. Жылқының сыртқы түрінің ерекшеліктерін бекіту. **(Құрастыру)** | балаларға тыңдата отырып, қай құстардың дауысы екенін сұрау. Кәне, бір - бірімізбен үй құстары сияқты амандасайық. (Балалар үй құстарының дыбыстарына салып, бастарын изеп амандасады. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өзбетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. **(Құрастыру)** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.<br>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)<br>Егер сендер серуендегілерің келсе,<br>Тез киінулерің керек.<br>Шкафтың есігін ашыңдар,<br>Тәртіппен киініңдер!<br>- Сендер қалай ойлайсыңдар, біз бірінші кезекте не киеміз?<br>Балаларға реттілікпен киінуді айтады. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Желге бақылау**<br>Мақсаты:Табиғат құбылыстарын бақылай білуге үйрету,тілдерін дамыту. | **Бақылау: Ауа райын бақылау.**<br>Мақсаты:Балаларды ауа райының әртүрлі құбылыстары жайлы білуге және | **Бақылау:** Торғайды бақылау.<br>Мақсаты:Торғай жайлы мағлұмат беру.Балаларды құстарға қамқор бола білуге тәрбилеу. | **Бақылау: Көк шөпті бақылау**<br>Мақсаты: Көктем мезгілінде шыға бастаған көк шөп туралы түсінік беру. Көктем мезгіліне деген | **Бақылау: Жаңбырды бақылау**<br>Мақсаты:Жаңбыр жайлы түсінік беру, сөздік қорларын дамыту, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Жұмбақ.**<br>Кейде сипап кетер,<br>Кейде ұйпап өтер.<br>(жел)<br>**Сұрақтар:**<br>-Бүгін ауа райы қандай?<br>-Жел бар ма?<br>-Жел қай жақтан соғып тұр?<br>-Жел қандай?<br>-Біз оны көре аламыз ба?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек:**Ойын алаңына шығарылған ойыншықтарды жинау.<br>Мақсаты:Баларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>(Еңбек қызметі)<br>**Қимылды ойын**: К-№14 «Құстарды ұшып келуі»<br>(Дене шынықтыру)<br>**Жеке жұмыс:**<br>Секіру, жүгіру, жүру дағдыларын бекіту.<br>**Өзіндік іс-әрекеті:**<br>қалаған ойындарын | оларды салыстыра білуге үйрету.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз.**<br>**Жұмбақ жаттайық.**<br>Көзге көрінбейді,<br>Қолға ілінбейді.<br>(Ауа)<br>**Сұрақтар:**<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Ауа райы қандай?<br>-Ауа райының қандай өзгерістері болады?<br>-Таза ауа қайдан пайда болады?<br>-Ауаны таза ұстау үшін не істеу керек?<br>-Ауаның түсі,иісі бола ма?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек:**Алаңды жинау.<br>Мақсаты:Табиғатты аялауға тәрбиелеу.<br>**(Еңбек қызметі)** | **(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз:**<br>Торғай, торғай ,<br>торғайсың<br>Жерден тары шоқып алғайсың.<br>Бөтегеңді томпайтып<br>Биікте ұшып самғайсың.<br>**Сұрақтар:**<br>-Ауламызда нелер ұшып жүр?<br>-Торғай қандай құс?<br>-Түсі қандай?<br>-Олар немен қоректенеді?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек**: құстарға жем шашу.<br>Мақсаты: балаларды еңбексүйгіштікке, құстарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**(Еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойын: К-№8 «Аңшылар»**<br>**(дене шынықтыру)**<br>**Жеке жұмыс:** көктем мезгілі туралы тақпақтарды | сүйіспеншіліктерін ояту.<br>**Сұрақ – жауап:**<br>- Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілінің қандай ерекшелігі бар екен?<br>- Дала қандай түске ене бастады?<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Жұмбақ шешейік:**<br>Аяқтың асты көкпеңбек,<br>Жұлма оны көп екен деп.<br>Даламызға сән берер,<br>Оның аты.... (шөп)<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек**: Алаңда шашылып жатқан бұталарды жинау.<br>**Мақсаты**: балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(Еңбек қызметі)<br>**Қимылды ойын: № 5 «Жапалақтар»**<br>**(Дене шынықтыру)**<br>**Жеке жұмыс:**<br>**Жаңылтпаш айтып үйренейік.** | тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Көркем сөз**<br>Жау-жау жаңбыр,жау жаңбыр,<br>Жаушы жаңбыр.<br>Менің әсем далама,<br>Менің әсем қалама.<br>**Сұрақтар:**<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Далада не жауып тұр?<br>-Жаңбыр жауған пайдалы ма?<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Еңбек:** Ойын алаңын жинау.<br>Мақсаты:Баларды өздері ойнайтын алаңды таза ұстауға тәрбиелеу.<br>**(Еңбек қызметі)**<br>**Қимылды ойыны:** К-№13 «Құстар мен мысық»<br>(Дене шынықтыру)<br>**Жеке жұмыс:**Ұзындыққа секіру.<br>**Өзіндік іс-әрекеті:**<br>қалаған ойындарын ойнау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнау. | **Қимылды ойын:** К-№13 «Құстар мен мысық» (дене шынықтыру) **Жеке жұмыс:** Түзу сызықтың бойымен жүріп өту. **Өзіндік іс-әрекет:** еркін іс-әрекеттер. | қайталау. **Өзіндік іс-әрекеттері:** қалаған ойындарын ойнау. | Көп көкек, көкектеп, Көктем келді, Көкек кеп. **Өзіндік іс-әрекеті:** балалар қалауы бойынша іс-әрекеттер. | |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | **Гигиеналық шаралар:**Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:<br>«Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу»<br>**Кезекшілердің жұмысы**: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)<br>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)<br>Ереже:<br>Тамақ ішер кезде енді,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.**<br>Тамақтанғаннан кейін мен балаларға дәретхана бөлмесіне баруды ұсынамын.<br>**Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).**<br>Тәрбиеші: - Балалар, біз бүгін сіздермен жақсы ойнадық, жаттығып, серуендедік, енді сіздермен бірге демалып, жаңа ойындар мен білім алу үшін күш алатын уақыт келді. Балалар, орындықтарыңды алыңдар, оларды кілемге қойып, шешініңдер. Сендердің барлықтарың киімізді орындықтарға қалай қою керектігін есте сақтадыңдар ма? | | | | |

| | |
|---|---|
| | Балаларға орындықтарға тәртіппен киімдерін шешуге, кезекшілерге көмектесуге кеңес беріледі.<br>**«Сиқырлы жол» ойыны. (дене шынықтыру)**<br>Шарты: Массаж төсеніштерінен ақырын, шуламай өту.<br>«Сиқырлы жолмен» өткен балалар төсектерге жақындайды, төсектерін мұқият ашып, жатып, қалған балаларды күтеді.<br>Балаларға төсекке ыңғайлы жатуға, көрпенің үстіне қолдарын қоюға көмектесу.<br>**«Жұлдызша» ойыны.**<br>Балалардың назарын бүгін жақсы ұйықтайтындарына, себебі жастықтың астына кішкентай жұлдыз келеді, ол сендердің тілектеріңді орындайды дейді.<br>«Жұлдызша» ойынынан кейін мен балаларға төсектерінде ыңғайлы жатуды ұсыну.<br>- Ал, ертегі уақыты келді. Барлықтарың көздеріңді жұмыңдар, тыңдаңдар және ұйықтаңдар.<br>Мен орындыққа отырамын және «Бауырсақтың арманы» ертегісін оқимын. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)<br>**Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан ояту жаттығуы: 3-кешен «Орманға серуен»<br>1. «Тартылу». Б. қ.: шалқасынан жатып, қолды дене бойымен созу, тартылу.<br>2. «Жазда аспа бесікте орман тұрғыны ұйықтайды» (жаңғақ). Б. қ. шалқасынан жатып, қолдар дененің бойымен, дем алу, аяқты тіктеп отыру, қолды аяқ басына жеткізу, дем шығару, дем алу, б. қ.<br>3. «Міне, шырша, жасыл инелер бүгілді». Б. қ.: тұру, аяқтар иық енінде, қолдар төменде, дем алу, дем шығару, денені алға еңкейту, дем алу, Б. қ., дем шығару, еңкею.<br>4. «Міне, биік қарағай тұр және бұтақтарын шайқайды». Б. қ.: о. с., дем алу, қолдар екі жаққа, дем шығару, денені оңға еңкейту, дем алу, дем шығару, денені солға еңкейту.<br>5. «Берет киген балалар бұтақтан құлап, береттер жоғалды» (бүршік). Б. қ.: о. с., қол басқа көтеріп ұстау, дем алу – аяқ ұшымен көтерілу, дем шығару – отыру.<br>6. «Алена қыз тұр, жапырағы жасыл, өзі жұқа, ақ сарафаны бар»(қайың). Б. қ.: тұру, аяқтар иық енінде, қолдар дене бойымен, дем алу, қолдар бүйір жағынан жоғары, аяқ ұшымен көтерілу, дем шығару, б. қ.<br>Жалпақ табанның алдын алу.<br>Б. қ. - кереуеттің жанында тұру.<br>1. Аяқты «жиыру».<br>2. Өкшеден аяқ ұшына және одан өкшеге айналдыру.<br>3. Аяқ саусақтарымен еденнен ұсақ заттарды (матаны) алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Аяқ ұшымен тұрып, өкшені қысу және ашу.<br>5. Аяқ ұшымен отыру.<br>Қабырғалы тақтада жалаң аяқ жүру.<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>1. «Қаздар». Тыныс алу кезінде алға иілу: алға қарап, мойынды созып, «ш-ш-ш» деп айту.<br>2. «Қаздар-аққулар ұшады». Ұшуды бейнелеп жүру. Дем алғанда қолды («қанаттар») көтеріп, дем шығарғанда «г-у-у-у» деп айтылады.<br>3. «Үлкен болып өсемін». Б. қ.: аяқтар бірге, қолдар төмен. Аяқ ұшымен көтеріліп, қолды жоғары көтеру (дем алу). Табанға күш түсіріп, «ух-х-х» деп дем шығару.<br>4. «Ішпен тыныс алу». Қолдар іште – мұрынмен дем алу және дем шығару. Қол артта – мұрынмен дем алу және дем шығару **(Дене шынықтыру)** | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу**<br>Мен жақсы тамақтандым,<br>Сергекпін, күштімін.<br>Көңіл күйім көтеріңкі,<br>Өзімді жақсы сезінемін **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) (Вариативтік, жеке, қосымша бағдарлама)** | **Сюжетті-рөлді ойын**<br>**«Аспазшы»**<br>**Мақсаты**: Аспаз мамандығы жайлы білім беру, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Керекті құралдар:** Ыдыстар, алжапқыш, басқа киетін қалпақ, пышақтар, тақтайшалар, азық - түліктер.<br>**Шарты**: Бір бала аспаз болады және | **«Экологиялық соқпақ»**<br>**Мақсаты:** балаларға экологиялық білім беру, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Топтық жұмыс "Жылқы"**<br>**Мақсаты:** | **Сюжетті-рөлді ойын**<br>**«Пошта»**<br>**Мақсаты:** Балалардың пошта қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін қалыптастыру. Хат-хабарларды жіберу және алу тәсілдері туралы балалардың түсініктерін кеңейту. Қиялын, ойлау, сөйлеуін дамыту. Дербес , жауапкершілік, айналасындағыларға пайда әкелу ниетіне | **«Ұлттық қазына»**<br>**Этнопедагог жоспары бойынша**<br><br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**«Сыбызғы»**<br>**Мақсаты:** Заттық сурет салу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір | **«Хайуанаттар бағы»**<br>**Мақсаты:** Балалардың жабайы жануарлар туралы, олардың сыртқы түрі, тамақтануы туралы білімдерін байыту. Балалардың хайуанаттар бағы қызметкерлерінің міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың ойын сюжетін шығармашылықпен дамыта білуін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балабақшадағы балаларға тамақ әзірлейді, ол тамақтың балаларға қандай пайдасы бар екенін түсіндіреді, аспаздың жұмысына құрметпен қарау.**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**Өнер орталығы**<br>**«Торт»**<br>**Мақсаты:** Сәндік мүсіндеу:<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ безендіру.<br>Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау**.**<br>**(Мүсіндеу)** | өз жұмысында түстің экспрессивті мүмкіндіктерін қолдануға үйрету; көзді, ритақ пен түс сезімін дамыту; табиғатқа ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, элементтермен безендіру<br>**(Жапсыру, мүсіндеу)** | тәрбиелеу.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Үкі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды орман құсы үкімен, сыртқы түрінің ерекшеліктерімен және өмір сүру жағдайларымен таныстыру, оның табиғаттағы және адамдар үшін рөлін анықтау.<br>Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.<br>**(Сурет салу)** | бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.<br>**(Сурет салу)** | қалыптастыру. Тілін дамыту, сөздік қорын байыту. Жануарларға мейірімді, қамқор болуға тәрбиелеу.<br>**(қоршаған ортамен таныстыру)**<br><br>**«Балта»**<br>**Мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.<br>**(Мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Арина мен Жаннаға<br>**Дидактикалық ойын "Нан қайдан келді?»**<br>**Мақсаты:** балаларды нан өсіру процесімен таныстыру.Нан бізге үстелге қалай келгені туралы түсінік беру. Балаларда нанға және оны өсірген адамдарға деген құрмет пен | Бекарыс пен Жанызаққа<br>**Дидактикалық ойын: «Қай жануар не жейді?»**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың әртүрлі үй жануарлары мен жабайы жануарлардың не жейтіні туралы | Арман мен Бекзатқа<br>**Ойын жаттығуы: «Бұл қандай құс?»**<br>**картотека №45**<br>**Мақсаты:** Балалардың құстардың қандай дыбыстар шығаратыны туралы білімдерін бекіту, "Р"дыбысын анық айтуға үйрету.<br>**Материалдар:** | Бекарыс пен Рамазанға<br>Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**(Қоршаған** | Жансерік пен Алинаға<br>Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша және орман).<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрметке тәрбиелеу.<br>**Ойын ережелері:**<br>**Жұмбақты тап.**<br>Күрең қызыл түсі бар,<br>Тағамдардың асылы.<br>Қуат берер күші бар.<br>(Таба нан)<br>Балалардың екі командасы нан өсіру бойынша ауылшаруашылық жұмыстарының кезектілігін белгілейді.<br>Суреттерді ретімен қояды<br>**(құрастыру қоршаған ортамен таныстыру)** | білімдерін бекіту;<br>Жабайы және Үй жануарларына ұқыпты қарауға тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: жануарларды тамақтандырыңыз, әр жануар не жейтінін жапсыру.<br>Біртұтас сөйлеуді дамытудың жеткілікті деңгейімен баладан сөйлем деп атауды сұрау.<br>**(Жапсыру)** | Құстардың түрлі-түсті суреттері.<br>**Шарты:** тәрбиеші кез-келген құстың айқайына еліктеп, балалардан не осылай айқайлайтынын сұрайды. Балалар болжай отырып, тиісті суретті таңдап, оны панельге қояды.<br>Мысалы:<br>- "Кар-кар" деп кім айқайлайды? Кел, Жаннұр, мына құсты көрсет.<br>- Біз бәріміз қарға сияқты айқайлаймыз.<br>- "Чирик-чирик" деп кім айқайлайды?<br>- Торғай сияқты айқайлайық.**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет*)*** | **ортамен таныстыру)** | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу.** | | | | |
| **Серуен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру*)*** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен** | Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат обьектілерін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру*)*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(қоршаған ортамен таныстыру*)***<br><br>**Аз қимылды ойын: «Тап та және үндеме»**<br>**Мақсаты:** балалардың төзімділігін, сигнал бойынша қимылдарды орындау қабілетін, зейінді сапалы дамыту<br>**Ойын барысы:** Тәрбиеші кез-келген затты алдын-ала жасырады және оны табуды ұсынады. Көрген адам тәрбиешіге жақындап, ақырын сөйлейді. Балалардың көпшілігі тапсырманы орындаған кезде, тәрбиеші өздерін дәлелдегендерді атап өтеді. Бағанда бір-бірден жүру.<br>**(Дене шынықтыру)** | **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>**Аз қимылды ойын: «Мүсіндер»**<br>**Мақсаты:** қозғалыстарды үйлестіруді, есту қабілетін, физикалық қасиеттерін, ережелерге сәйкес ойнау қабілетін дамыту.<br>**Ойын барысы:** ойынды үлкен доппен ойнаған дұрыс. Ойыншылар шеңберге тұрып, допты бір-біріне лақтырады. Допты кім ұстамайды, ойынды бір аяғымен жалғастырады. Егер ол осындай қалыпта допты ұстап алса, онда ол екі аяғына қайта тұрады; ол екі аяғына айналады. Егер тағы бір қателік жіберілсе, ойыншы бір тізеге айналады. Үшінші қателік кезінде ол екі тізеге де түседі. Егер бұл | **Аз қимылды ойын «Бәрі қалай аяқталды?»**<br>**Мақсаты:** есте сақтау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Баланың сөздік қорын толықтыру.<br>**Ойын барысы:** ойында ертегі сюжеті қолданылады. Ертегінің басы оқылады, содан кейін балалар немесе бала жеке-жеке оны жалғастыруы керек.<br>**(Дене шынықтыру)** | **таныстыру*)***<br>**Аз қимылды ойын: «Не жоғалды?»**<br>**Мақсаты:** зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>**Ойын барысы**: әр түрлі заттар балалардың алдында үстелге қойылады, балаларға оларды есте сақтауға біраз уақыт беріледі. Содан кейін заттар экранмен жабылып, бір немесе бірнеше заттар бірден алынып тасталады, экран алынып тасталады және балалар заттардың қайсысы жоғалып кеткенін айтады.<br>**(Дене шынықтыру)** | **Аз қимылды ойын: «Ара»**<br>**Мақсаты:** әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде балаларды кеңістікте үйлестіру мен бағдарлауға үйрету. Ойын арқылы есту зейінін дамыту. Допты тек қолыңызбен ұстаңыз; сіз допты ары қарай жібермейсіз.<br>**Ойын барысы:** ойыншылар шеңберде отырады. Шеңбердің ішінде доп жерге айналады. Ойыншылар оны өз қолдарымен домалатады, екіншісін аяқтарының арасына түсіруге тырысады (аяққа түседі). Допқа тиген адам арқасын шеңбердің ортасына қарай бұрады және басқа бала ұсталғанға дейін ойынға қатыспайды. Содан кейін ол ойынға кіріседі, ал жаңадан допты қағып алғанбала шеңберге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | позицияда ойыншы допты ұстап алса, ол бастапқы орнына келеді және ол екі аяғымен тұрып ойынды жалғастырады. Егер сәтсіздікке ұшыраса, ойыннан шығуға тура келеді. **(Дене шынықтыру)** | | | айналады.**(Дене шынықтыру)** |
| **Серуеннен оралу** | **Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті** | | | | |
| **Балалардың үйіне қайтуы** | **Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.** | | | | |
| | "Табиғаттағы көктемгі өзгерістер" апталығы бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстар | | | | |

**Тексерген әдіскер:**
**Тәрбиеші:**

циклограммасы Тәрбиелеу мен оқыту

**2023-2024 оқу жылы**

**Мектепке дейінгі ұйым:** ЖШС Гүлбану апа б/б

**Топ**: Ересек «Балауса»тобы

**Балалардың жасы**: 4 жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі**: 15.04-19.04.2024жыл

| **Күн тәртібінің кезеңдері** | **Дүйсенбі 15.04.2024** | **Сейсенбі 16.04.2024** | **Сәрсенбі 17.04.2024** | **Бейсенбі 18.04.2024** | **Дүйсенбі 19.04.2024** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу. | | | | |
| | **Балаларды таңертеңгілік қабылдау, тексеру, ойындар**<br>**Мақсаты:** Балалардың топ өміріне біртіндеп енуі; эмоционалды жағымды көңіл-күй қалыптастыру; тәрбиешінің әр баламен жеке байланысын нығайту. Балаларды қабылдау таза ауада немесе үй-жайда жүргізіледі. Тәрбиеші балалардың көңіл-күйіне, денсаулық жағдайына және сыртқы түріне назар аударады. Қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелейді: балалардың амандасуды, тыныш дауыспен сөйлесуді ұмытпауын еске салады. Балалардың әртүрлі және қызықты іс-әрекеттеріне жағдай жасайды: оларға білім беру ойындарын, ойыншықтарды, шығармашылыққа арналған материалдарды, қозғалыс және спорттық ойындарға арналған құралдарды ұсынады, әңгімелер өткізеді, бақылаулар ұйымдастырады, тапсырмалар береді, кезекшілердің жұмысын ұйымдастырады және т.б.<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | | | | |
| **Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)** | **Үстел-үсті ойыны Картотека №36 "Тосын сыйды тап"** **Мақсаты:** қолдың ұсақ моторикасын, қимылдарды үйлестіруді дамыту; шыдамдылыққа үйрету. Материал: кәмпиттер (10-15 дана), ұсақ заттар (белгішелер, түймелер және т.б.). Ойын барысы. Жүргізуші белгішені 4-5 орамға орайды. Бала барлық кәмпиттерді ашып, оларды мұқият бүктеп, сыйлық алуы керек. Балаға 2-3 "тосын сый" ұсынылады. **(математика негіздері)** | **Үстел үсті ойыны «Крестер мен Тикстер»** Мақсаты: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету. **(математика негіздері)** | **Үстел үсті ойыны: «Саусақты бұрау»** **Мақсаты**:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) Шарты: Өлшемі 12 × 12 см болатын параққа 4 шеңберден 4 қатар салу керек (желімдеу). Бірінші қатар сары, екіншісі көк, үшіншісі қызыл, төртіншісі жасыл болуы керек. Рулетка үшін шеңбер сызу, оны 4 тең секторға бөлу және әрқайсысының шетінде сары, көк, қызыл және жасыл шеңберлер сызу. Екі секторды Р әрпімен белгілеу-олар оң қолдың позицияларын | **Үстел үсті ойыны «Микадо»** **Мақсаты:** геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Шарты: Ойынды бастау үшін сіз Қырық бір бамбук таяқшаларын жұдырыққа жинауыңыз керек, содан кейін таяқтар кездейсоқ үстелге төгілуі үшін саусақтарыңызды күрт ашыңыз. Ойыншылар кезек-кезек таяқшаларды жұдырықтан алып тастайды, мұны басқа шашлықтар құлап кетпеуі үшін жасауға тырысады. "Егер сіз таяқшаларға түрлі-түсті жолақтарды қойып, әр жолақ комбинациясына әр түрлі ұпай берсеңіз, ойынды қызықты ете аласыз". **(математика негіздері)** | **Үстел-үсті ойыны Картотека №37 "Қуыршақ бөлмесін салу"** **Мақсаты:** баланың қуыршаққа қамқорлық жасағысы келетіндігін ояту; жиһаз бөліктерінің атауларын білу; қуыршақ бөлмесінің құрылысына байланысты идеяларды кеңейту. Материал: қуыршақ, ойыншық жиһаз (үстел, орындықтар, төсек), шай ыдыстары, ит. Ойын барысы. Баланың алдындағы үстелде Катя қуыршағына арналған жиһаз бар: екі орындық, үстел, зығыр шкаф, төсек, диван, орындық. Тәрбиеші жиһаз бөлшектерін атайды, ал бала қайталайды. тәрбиеші, - жаңа жиһаз сатып алды. Ол бізге сатып алғандарын көрсетеді, ал біз оған бөлмеге жиһазды қалай қою керектігі туралы кеңес береміз". Тәрбиеші баланы жиһазды қарастыруға шақырады, содан кейін оны орналастырады. Катяның жиһазына көруге "ит" келеді. Бала оған қуыршақтың қандай жиһаз сатып алғанын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | білдіреді, L әрпі бар екі сектор сол қолдың саусақтарын қайда қою керектігін көрсетеді. Көрсеткіні балмұздақ таяқшасынан немесе кәдімгі қағаз қыстырғыштан жасау оңай, оны рулетканың ортасына түймемен бекіту кере **(математика негіздері)** | | айтады. Тәрбиеші баланы сөйлеуде "жиһаз"сөзін қолдануға шақырады. Ит жиһаз бөліктерінің аттарын "есте сақтауға" тырысады, бірақ орындықты орындықпен, диванды төсекпен "шатастырады". Тәрбиеші " не болмады?"итке жаңа сөздерді" есте сақтауға " көмектесу. Бала көзін жұмады, ал тәрбиеші жасырады. **(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Таңертенгі жаттығу** | **ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ**<br>Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары.<br>**Мақсаты:** баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.<br>1. Тізбекте қатарымен тұру және жүру. Аяқ ұшымен жүру, қолды белге ұстау.<br>2. Жеңіл аяқ ұшымен жүгіру.<br>3. Б. қ.: қолды белге ұстау, аяқ арасын алшақ ашып тұру, қолды жанға созу, жоғары көтеру, аяқ ұшымен тұру, қолды жанда ұстау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 4. Б. қ.: қолды желкеде саусақты айқастырып ұстап, аяқ арасын алшақ, ашып тұру, кеудені еңкейіп, қолды аяқ ұшына тигізу.<br>5. Б. қ.: өкшені қосып аяқ ұшын ашып, қолды белге қойып тұру. Қолды алға созып отыру, тұру.<br>6. Б. қ.: аяқ ұшын ашып, өкшені қосып қолды белде ұстап тұру. Оң аяқты алға созып, аяқ ұшын қою жанға, артқа созу, б. қ. келу.<br>7. Б. қ.: өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, оң аяқты жанға, қолды жанға ұстау, оң қолды төмен түсіру, сол қолды жоғары көтеру, екі қолды да жанға ұстау, оң аяқты қосып, б. қ. келу.<br>8. Б. қ.: өкшені қосып аяқ ұшын ашып тұру, қолды төмен түсіріп тұру, секіріп аяқ арасын ашу, қолды жанға ұстау секіріп аяқ арасын қосу. (Дене шынықтыру) | | | | |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналықшаралар:** Таңғыасалдындақолдарын жуу, қолдысүртужәнеорамалдыорнынаілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Ахмет Диас пен Ермек Аружанға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**1. Біз қалай жуу керектігін білеміз.**<br>Біз қалай жуу керектігін білеміз.<br>Менің бетім мен мойным!<br>Менің қолдарым, мұрным!<br>Біз бетімізді, аузымызды жуамыз.<br>Біз үлкендер сияқты жудық.<br>Міне, біз қандай тазамыз!<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**1. Су, су, менің бетімді жу,**<br>Көздер жарқырап,<br>иектер қызарғанша,<br>Аузымыз күлгенше,<br>тісіміз тістегенше.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру. | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз:**<br>**Қолды сабындап жуамыз**<br>Қолды сабынмен жуамыз.<br>Қолды сабынмен жуамыз.<br>Жылы сумен жуыңыз.<br>Жуу, жуу,жуу, жуу –<br>жуу-жуу.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Ахмет Диас пен Ермек Аружанға ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, | **Гигиеналық шаралар:** Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу.<br>**Көркем сөз: Сүлгі**<br>Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңды сүйкесең.<br>Кетіп кір-ыласың,<br>Тап-таза боласың.<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану**<br>(өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейін алғыс айту) | **Кезекшілер жұмысы:** Дамир Айбар мен Бекзат Жапннұрғв ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қоюды тапсыру.<br>**Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | **Тамақтану** (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту) | кейін алғыс айту) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту. | | | | |
| | **Саусақ ойыны:**<br>**«Орманда» картотека №7**<br>Саусақтар-ау, саусақтар!<br>Сендер қайда бардыңдар?<br>Орманға бардық!<br>Кімді онда кезіктірдіңдер?<br>-Аюды,<br>қасқырды,қоянды,түлкіні,тиынды! | **Саусақ ойыны:**<br>**«Кіші шармен жаттығу»**<br>**картотека №8**<br>**Мынау менің оң қолым,**<br>Мынау менің сол қолым,<br>Кіші шарды аламын, | **Саусақ ойыны:**<br>**«Қаз» картотека №10**<br>Қаз қанатын жиып алды,<br>Қауырсының жуып алды,<br>Оңға қарап, солға қарап, | **Саусақ ойыны:**<br>**«ҚЫЗЫҚ-АЙ» картотека №11**<br>Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)<br>Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес | **Саусақ жаттығуы:**<br>**«САЛАТ» картотека №12**<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеідеге ұстап, жоғары-төмен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
